



**Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның  
баяндамалар жинағы  
"ХАЛЫҚ ӨМІРІНІҢ ЖОҒАРЫ САПАСЫН ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ  
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК  
АУДИТ"**

**Сборник докладов Международной научно-практической  
конференции  
«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ ВЫСОКОГО  
КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И НАЦИОНАЛЬНОЙ  
БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the International Scientific and Practical  
Conference  
"STATE AUDIT IN ENSURING HIGH QUALITY OF LIFE OF THE  
POPULATION AND NATIONAL SECURITY"**

8 апреля 2022 года

**УДК 336.1**  
**ББК 65.052а73**  
**С 23**

**Г** Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности» = Collection of reports of the International Scientific and Practical Conference "State audit in ensuring high quality of life of the population and national security" = Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның баяндамалар жинағы "Халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит". – Нұр-Сұлтан: - 277 б.

**ISBN 978-601-337-664-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және профессор-оқытушылар құрамының халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жағдайындағы мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of students, undergraduates, doctoral students and teaching staff on topical issues of state audit in conditions of ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и профессорско-преподавательского состава по актуальным вопросам государственного аудита в условиях обеспечения высокого качества жизни населения и национальной безопасности

**ISBN 978-601-337-664-6**

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2022

**МЕМЛЕКЕТТІК ЖОСПАРЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰЖАТТАРЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК СТРАТЕГИЯЛЫҚ АУДИТТІҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ**

*Мухтарбек А.Е.*

«Мемлекеттік аудит» БББ 1 курс магистранты, Л.Н.Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қаласы,  
Қазақстан Республикасы

E-mail: [yermukhanovna@list.ru](mailto:yermukhanovna@list.ru)

Ғылыми жетекшісі: Алибекова Б.А., э.ғ.к., доцент

**Аннотация.** Халықаралық деңгейде INTOSAI-дың кәсіби құжаттарында келесі ұғымды береді: «Мемлекеттік саясатты бағалау - бұл саясаттың практикалық пайдасын анықтауға бағытталған зерттеу. Онда саясаттың мақсаттары, оны іске асыру, аралық және түпкілікті нәтижелер мен әсер ету жүйелеудің максималды деңгейімен талданады, саясаттың практикалық пайдасын анықтау үшін оның тиімділігі өлшенеді». Қазіргі таңда халықаралық және отандық деңгейде мемлекеттік аудиттің дамуына байланысты жоғары аудит органдары үшін стратегиялық аудит жұмсалған қаржы ресурстарының бағдарламалық құжаттармен қабылданған стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу дәрежесіне сәйкестігін анықтауға бағытталған мемлекеттік аудиттің өзіндік түрі ретінде, ал екінші жағынан қабылданған стратегиялық шешімді бағалауға және түзетуге мүмкіндік беретін басқару құралы ретінде әрекет ететіндіктен тақырып өзекті болып табылады. Автор мақалада отандық және халықаралық мемлекеттік жоспарлау құжаттарының ерекшеліктерін ашып көрсеткен. Сонымен қатар «стратегиялық аудит» анықтамасы бойынша талқылаулар қарастырылып, авторлық анықтама ұсынылған.

**Кілтгі сөздер:** стратегиялық аудит, мемлекеттік жоспарлау құжаттары, стратегиялық жоспарлау, реформа.

**Аннотация.** На международном уровне профессиональные документы INTOSAI дают следующее понятие: "оценка государственной политики-это исследование, направленное на определение практической пользы политики. В нем анализируются цели политики, ее реализация, промежуточные и конечные результаты и влияние с максимальным уровнем систематизации, измеряется ее эффективность для определения практической пользы политики». В настоящее время, в связи с развитием государственного аудита на международном и отечественном уровне, тема является актуальной для высших органов аудита, поскольку стратегический аудит выступает своего рода государственным аудитом, направленным на определение соответствия затраченных финансовых ресурсов степени достижения стратегических целей, принятых программными документами, а с другой стороны-инструментом управления, позволяющим оценить и скорректировать принятое стратегическое решение. В статье автором раскрыты особенности отечественных и международных документов государственного планирования. Также рассмотрены обсуждения по определению "стратегический аудит" и представлена авторская справка.

**Ключевые слова:** стратегический аудит, документы государственного планирования, стратегическое планирование, реформа.

**Annotation.** At the international level, INTOSAI professional documents provide the following concept: "public policy assessment is a study aimed at determining the practical benefits of policy. It analyzes the objectives of the policy, its implementation, intermediate and final results and impact with the maximum level of systematization, measures its effectiveness to determine the practical benefits of the policy." Currently, in connection with the development of state audit at the international and domestic level, the topic is relevant for the supreme audit institutions, since strategic audit acts as a kind of state audit aimed at determining the compliance of the financial resources spent with the degree of achievement of strategic goals adopted by the program documents, and on the other hand-a management tool that allows to assess and adjust the strategic decision made. In the article, the author reveals the features of domestic and international state planning documents. Discussions on the definition of "strategic audit" are also considered and the author's reference is presented.

**Keywords:** strategic audit, state planning documents, strategic planning, reform.

Қазіргі таңда халықаралық және отандық деңгейде мемлекеттік аудит ісінің дамуына байланысты, кез-келген мемлекеттің жұмыс істеу тиімділігін және оның стратегияларының жүзеге асырылу нәтижелігін объективті түрде бағалайтын жүйенің қалыптасуы өте маңызды. Стратегиялық аудит жоғары аудит органдарының негізгі функцияларының бірі болып табылады, ол бір жағынан жұмсалған қаржы ресурстарының бағдарламалық құжаттармен қабылданған стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу дәрежесіне сәйкестігін анықтауға бағытталған мемлекеттік аудиттің өзіндік түрі ретінде, ал екінші жағынан қабылданған стратегиялық шешімді бағалауға және түзетуге мүмкіндік беретін басқару құралы ретінде әрекет етеді.

Аталмыш ұғымды зерттеу барысында, стратегиялық аудиттің түрлі дефинициялары мен тәсілдері қолданылатындығы анықталды (1-кесте).

1-кесте

«Стратегиялық аудит» түсінігінің анықтамалары мен тәсілдері

Авторлар	Анықтамасы
Ю.Г.Одегов, П.В.Журавлев	Стратегиялық аудит мемлекеттің басқару саясаты алға қойған мақсаттарымен, оның жаһандық және әлеуметтік стратегияларымен келісу дәрежесін анықтайды, сондай-ақ әлеуметтік саясаттың ерекшелігімен және сыртқы жағдайлармен байланыс дәрежесін белгілейді.
И.Н.Емельянова	Стратегиялық аудит аудитке ілеспе қызмет болып табылады және болжамды ақпараттың сенімділігін, шынайылығын және пайдалану мүмкіндігін, сондай-ақ қабылданған жорамалдар негізінде оны дайындаудың дұрыстығын және оны ұсынудың барабарлығын анықтау

	үшін жүргізіледі.
Алексеева И.В.	Стратегиялық аудит - қалыптастыру, іске асыру және бағалау мемлекеттің есепке алу-талдау жүйесі шеңберінде қалыптастырылатын деректер, ұйымның қолда бар ресурстары, сыртқы макро орта мен ішкі микро орта жағдайлары негізінде жүзеге асырылатын стратегияның барабарлық дәрежесін бағалау.
Ресей Федерациясының Есеп палатасы алқасының қаулысымен бекітілген 2020 жылғы 10 қарашадағы №17 ӨК «Сыртқы мемлекеттік аудит (бақылау) стандарты. СГА 105 "Стратегиялық аудит"	Стратегиялық аудит-стратегиялық мақсаттарға қол жеткізудің іске асырылуын, тәуекелдерін және нәтижелерін бағалау, сондай-ақ ішкі және сыртқы жағдайлардың стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу деңгейіне әсерін бағалау мақсатында қолданылатын сыртқы мемлекеттік аудит (бақылау) түрі;
Ескерту: дереккөз негізінде автормен құрылған[1, 2, 3, 4]	

Кестеден Ю.Г.Одегов, П.В.Журавлев, И.В.Алексееванын тұжырымдамасы бойынша стратегиялық аудиттің сыртқы және ішкі ортамен байланысының маңызыдылығын нақыталайды. Ал И.Н.Емельянова стратегиялық аудитті аудитке қосымша қызмет ретінде атап өтіп, оның болжамды ақпараттың сенімділігін, шынайылығын және пайдалану мүмкіндігін ескерте отырып, дайындаудың дұрыстығын және оны ұсынудың барабарлығын анықтау деп белгілеген. Ал Ресей Федерациясының СГА 105 "Стратегиялық аудит" стандартында стратегиялық аудитті сыртқы мемлекеттік аудит түрі деп атап өткен. Ғалымдардың пікірлерін қорытындылай келе, меншікті сипаттамамызды ұсынамыз: стратегиялық аудит – тәуекелдерді басқару жүйесіне негізделген мемлекеттің жоспарлау жүйесінің тиімділік, үнемділік, өнімділік және нәтижелілік нысанына сараптамалық талдау және бағалау.

Стратегиялық аудит мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын қалыптастырудың, бекітудің және іске асырудың қағидаттары мен қағидаларын белгілейтін мемлекеттік жоспарлау бөлігінде заңнама талаптарын түсінуді көздейді. Стратегиялық аудит жүргізу стратегиялық, тактикалық және жедел мақсаттардың иерархиясы мен үйлесімділігін ескеруі тиіс. Сонымен, елімізде мемлекеттік жоспарлау құжаттарының иерархиясы туралы ақпаратты 1 - суреттен көре аламыз.



1 – сурет. Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары  
 Ескерту: дереккөздер негізінде автормен құрылған [5]

Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары қажеттілігі мен заңдылығы жоғары деңгейде тұрған құжаттардан туындайтын төмен тұрған деңгейдегі құжаттарды әзірлеуден тұратын тұтас жүйе болып табылады. Нысаналы индикаторлар мен құжаттар нәтижелерінің көрсеткіштері мемлекеттік жоспарлау жүйесінде құжат иерархиясының орнына тікелей байланысты. Бұл факт бағдарламалық құжаттарды оларда нысаналы индикаторларды бөлшектеу тұрғысынан бағалау кезінде маңызды аспект болып табылады.

Елімізде қалыптасқан Мемлекеттік жоспарлау жүйесі негізгі әзірлеу, іске асыру, мониторинг және түзету процесстерін қосады. Аталған процесстер елімізде қалыптасқан Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің үнемі дұрыстығы мен нақтылығын тиісінше айқындап отырады (2-кесте).

2-кесте

Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің процесстері

Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің	Атқарылатын іс-шаралар
---------------------------------	------------------------

процесстері	
Әзірлеу процесі	құжатқа бастама жасаудан, ағымдағы жағдайды талдаудан, мүдделі тараптардан ұсыныстар жинаудан, қойылған міндеттерді шешу бойынша пайымды қалыптастырудан, қол жеткізілетін нәтижелер мен қажетті ресурстарды айқындаудан, құжат жобасын тұжырымдаудан, оны мүдделі тараптармен талқылаудан, Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің басқа да құжаттарымен байланыстырудан, белгіленген тәртіппен пысықтаудан, келісуден және бекітуден тұрады.
Іске асыру	Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында берілген мақсаттарға, нысаналы индикаторларға, міндеттерге, нәтижелердің аралық және түпкілікті көрсеткіштеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді.
Мониторинг	Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясын, жалпыұлттық басымдықтарды және Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын қоспағанда, Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының іске асырылу барысы туралы есептер мен басқа да ақпаратты жинау, жүйелеу, талдау және қорыту процесін қосады.
Түзету	осы құжаттардың іске асырылуына мониторинг пен бағалау жүргізу нәтижесі бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті жолдауларының ережелерін, жекелеген тапсырмаларын іске асыру мақсатында Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу.
Ескерту: дереккөз негізінде автормен құрылған [5]	

Сонымен, елімізде қалыптасқан Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары мемлекеттік саясаттың дұрыс бағдар алуымен қатар, елдің экономикалық, саяси, қоғамдық дамуының жаһандық пайымын, ұзақ мерзімді бағыттары мен басымдықтарын, оның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Орнықты даму мақсаттарын ескере отырып айқындайды.

Халықаралық тәжірибедегі стратегиялық басқаруды ұйымдастырудағы маңызды айырмашылық стратегиялық жоспарлау функциясын әртүрлілігімен байланысты болады [6]. Осы функцияны түсіндіру үшін стратегиялық жоспарлау жүйелерін екі топқа бөліп қарастыруға болады:

I топ: Стратегиялық жоспарлау Ұлттық мақсаттарға қол жеткізу тетігі ретінде қарастырылған елдердің ішінде бұл тәсіл АҚШ, Франция елдеріне тән.

II топ: Стратегиялық жоспарлау Мемлекеттік қызметтерді ұсынудың тиімділігін арттыруға ықпал ететін мемлекеттік және қоғамдық институттардың коммуникациясын қамтамасыз ету тетігі ретінде қарастыратын Ұлыбритания, Германия тәжірибесі жатады.

АҚШ-тағы Стратегиялық жоспарлау жоғары орталықсыздандыруды, соның ішінде стратегиялық бастаманы жергілікті жерлерге (Штаттарға) беруді және әлемдік көшбасшылықты қамтамасыз ету мәселелері бойынша федералды деңгейде басымдықтарды орталықтандырылған түрде белгілеу мүмкіндігін біріктіреді [7]. Үкімет қоғам, перспективалы нарықтар, технологиялар мен экономика секторлары дамытылатын бағыттарды айқындайды, елдің әлеуметтік тең құқылығы мен бірлігін қамтамасыз ету жолдарын таңдайды.

АҚШ-тағы стратегиялық жоспарлаудың негізгі қатысушылары-конгресс, президент және министрлік. Жоспарлау процесінде заң шығарушы орган үлкен

рөл атқарады: даму бағыттарын қаржыландыру туралы барлық шешімдер заңнамалық деңгейде өтеді.

Стратегиялық жоспарлау құжаттары мақсаттарды елдің халықаралық бәсекелестікте үстемдік ету доктринасына сүйене отырып тұжырымдалған көрсеткіштерге қатаң байланыстыра отырып белгілейді. АҚШ Конгресінің Бюджет басқармасы жыл сайын 10 жылға арналған бюджеттік және экономикалық шолуды жариялайды, президент пен Министрлер Кабинеті Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын әзірлейді және жариялайды, ал әр министрлік пен агенттік жыл сайын Президент пен конгреске бір жылға арналған жұмыс жоспарын жариялайды және жібереді. АҚШ-тың стратегиялық жоспарлауының негізгі құжаттарының құрылымын 3-кестеден көруге болады.

3-кесте

АҚШ-тың стратегиялық жоспарлауының негізгі құжаттарының құрылымы

Стратегиялық жоспарлау құжаты	Құжат мерзімі	Сипаттамасы
1	2	3
Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы	5 жылға	Президенттік циклге даму бағыттарын (ТНК-сыз) бекітеді
Министрліктердің ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асыру жөніндегі жұмыс жоспары	1 жылға арналған жыл сайынғы	1) Алдыңғы 5 жылдағы мақсаттарға қол жеткізу; 2) Теріс нәтижелердің себептерін талдау; 3) Стратегиялық мақсат (және мақсаттарды қайта қарау)
Жұмыс жоспары бойынша есеп	Жыл сайын	Бір стратегиялық мақсат: 1) стратегиялық тапсырма;

3-кесте жалғасы

1	2	3
Жұмыс жоспары бойынша есеп	Жыл сайын	2) мақсатты тапсырма, 3) тапсырманың түйінді көрсеткіштері; 4) жоспар/факті; 5) пікір
Бюджеттік және экономикалық шолу		Стратегиялық жоспарлауға қатысушылар ескеруі мүмкін құжат: 1) бюджетті шолу: - нақты бюджетті талдау; - таяудағы фискалдық жылға арналған болжам; - онжылдыққа арналған болжам; - жол берулер мен түсініктемелер. 2) Экономикалық шолу: - ағымдағы сын-қатерлер; - 3, 7 жылға шолу (ЖІӨ, жұмыссыздық, монетарлық, салық саясаты және т. б.); - түсініктемелер; - алдыңғы болжаммен салыстыру



Президенттің бюджеттік ұсыныстары және "бір жылға арналған федералды жоспар"	1 жылғы	Даму басымдықтарын қамтиды (министрліктер мен Президенттің өтінімдері бойынша қалыптастырылған)
Билл-қаржы Заңы		<p>Биллидің 3 түрі бар:</p> <p>1) Тұрақты Билл бір фискалдық жылға арналған 12 кіші комитеттің шығыстарын жабады;</p> <p>2) Егер конгресс тұрақты Билл шеңберінде қаржыландыруды жаңарту туралы шешімге келмесе, кіші комитеттерді қаржыландыруды бұрынғы деңгейде ұзартатын уақытша биллилер;</p> <p>Қосалқы Билл бастапқы мәлімделген қорландыруды ұлғайту мақсатында шығарылады. Көбінесе форс-мажор жағдайында қолданылады.</p> <p><b>Құрылымы:</b></p> <p>3) Негіздемелері бар баптар нақты стратегиялық бағдарламаларды қоса алғанда, қаржыландыру бағыттары мен мөлшерлерінің сипаттамасын қамтиды.</p>
Ескерту: дереккөз негізінде автормен құрылған [7]		

Стратегиялық жоспарлау органдарына: Қызметті басқару сапасын арттыруға бағытталған АҚШ стратегиялық жоспарлау жүйесіне тән орган - АҚШ Конгресі жанындағы зерттеу бөлімшесі CRS (Congressional Research Service) болып табылады. CRS құрылымы: Бөлім бірқатар пәнаралық зерттеу топтарынан тұрады: американдық құқық; ішкі әлеуметтік саясат; Сыртқы істер; қорғаныс және сауда; үкімет және қаржы; Білім, ресурстар, ғылым және өнеркәсіп қызметтері жатады.

Еліміз үшін АҚШ тәжірибесіндегі стратегиялық жоспар мерзімдерінің қысқалығы маңызды аспектінің бірі болып табылады. Ол мемлекеттің алға қойған мақсаттарына сапалы қол жеткізуін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, конгресстің ғылыми бөлімшесінің стратегиялық бастамаларды әзірлеу және бекіту процесін тұрақты қолдауы нәтижелілікті арттырады сөзсіз.

Француздың дамыған Стратегиялық жоспарлау жүйесі барлық деңгейдегі жоспарларды үйлестірудің және "lois" бірыңғай стратегиялық жоспарлау және бюджеттеу құжатына (Loi organique relative aux lois de finances — "қаржы заңдары туралы" органикалық заң) біріктірудің алғашқы кезеңдерінде даулы мәселелерді шешуді білдіреді [8].

Стратегиялық жоспарлау процесі 3 негізгі блокты қамтиды:

1. Ұстанымдарды келісу блогы, оның шеңберінде министрліктер, ведомстволар, агенттіктер мен өңірлер стратегияны әзірлеу жөнінде өз ұсыныстарын береді. "Франция Стратегиясы" комиссариаты бұл ұсыныстарды, соның ішінде экономикалық реформалар мен бюджет бойынша конференцияларды ұйымдастыру арқылы үйлестіреді.
2. Бекіту блогы. Стратегиялық ұстанымдар келісілгеннен кейін Сенат, үкімет және Парламент құжаттарды бекіту жөніндегі жұмысқа бастама

жасалады. Келісілген стратегиялық позициялар стратегиялық мақсаттарды, көрсеткіштерді, жауапты және қаржыландыруды біріктіретін стратегиялық жоспарлау мен бюджеттеудің бірыңғай құжаты — LOLF-ке оралады. Бюджеттік болжаммен бірге «lof» аймақтық саясаттың негізі болып табылады.

3. Нәтижелерді бағалау блогы. Нәтижелерді бағалау кезеңінде белгілі бір бағдарламаларға жауап беретін агенттіктер бағдарламалардың бюджеті туралы мәліметтерді жариялайды. Бұл ретте әрбір департамент өзінің деректер базасын пайдаланады, ал нәтижелері бағыттар бойынша топтастырылады.

Франция алғашқы кезеңдерде пайда болған қайшылықтарды шешу (позицияларды келісу және қорытынды құжаттарды құру кезеңдері нақты анықталған) және стратегиялық жоспарлаудың барлық жобаларын мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ететін қарапайым құрылымы бар «lof» бірыңғай стратегиялық жоспарлау және бюджеттеу құжатына біріктіру арқылы тиімді стратегиялық жоспарлау жүйесін құра алды.

Ұлыбританияның Стратегиялық жоспарлау жүйесінде агенттіктер маңызды рөл атқарады - ұйымдардың түрлері, соның ішінде сараптамалық комитеттер мен кеңестер, қызметтер, штабтар, комиссиялар және т.б. агенттіктер кеңес беру және аудит функцияларын орындайды, олардың көпшілігі бірқатар стратегиялық міндеттердің тікелей орындаушылары болып табылады[9].

Ұлыбританияның Стратегиялық жоспарлау жүйесі тиімділікті бағалау мен бақылаудың дамыған механизмдерімен ерекшеленеді. Бұл механизмдер департаменттер деңгейінде де, Агенттік ұйымдар деңгейінде де бар. Бағалау рәсімдері тиімділіктің берілген индикаторларының орындалуын ресми тексерумен шектелмейді, сонымен қатар сапалы және терең талдау элементтерін де қамтиды. Бұл ретте бақылау-қадағалау қызметінің нәтижелері, әдетте, ашық түрде жарияланады (4-кесте).

4-кесте

Ұлыбританияның стратегиялық жоспарлауының негізгі құжаттарының құрылымы

Стратегиялық жоспарлау құжаты	Құжат мерзімі	Сипаттамасы
Мақсат қою және болжау. 5 жылғы өсу жоспары	5 жыл	1) Дамудың басым бағыттары; 2) Мақсаттар (15-20); 3) Міндеттер, сондай-ақ мемлекет қазіргі уақытта не істегені туралы қорытынды; 4) Жоғарғы индикаторлар (әр мақсат үшін 3-5)
Жоспарлау. Министрлік деңгейіндегі іске асыру жоспарлары немесе салалық стратегиялар	Өткен жылдың желтоқсаны – ағымдағы жылдың қарашасы	Құжаттарға қаржылық негіздемелері бар бөлімдер енгізілген
Бюджеттеу. Бір	1 жыл	1) Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы;

жылға арналған бюджет		2) Бір жылға арналған стратегиялық мақсаттар мен қаржыландыру; 3) Әрбір министрліктің шекті шығыстары.
Ескерту: дереккөз негізінде автормен құрылған [9]		

Стратегиялық міндеттерді әзірлеу, іске асыру және бақылау үшін сарапшылар қауымдастығымен сәтті интеграция тәжірибесі еліміз үшін қызығушылық тудырады. Атап айтқанда, Ұлыбританияда қалыптастырылған, қойылған нәтижелерге қол жеткізуді сандық және сапалық бағалауды, сондай-ақ іске асырылатын шаралардың әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттарына сәйкестігін және ведомстволардың стратегиялық қызметінің оңтайлылығын тәуелсіз аудиторлық талдауды қамтитын стратегиялық аудитке деген көзқарас нәтижелі.

Қазіргі уақытта Германияда нәтижеге бағытталған мемлекеттік басқару жүйесін құруға бағытталған реформалар жүргізілуде [10]. Жүргізіліп жатқан реформалардың ерекшелігі федералды биліктің федералды жерлер билігімен ынтымақтастығына негізделген федерализмнің кооперативті моделімен анықталады. Модернизацияның стратегиялық жоспары мен ұзақ мерзімді бюджеттік жоспарлау федералды деңгейде жүзеге асырылады, бірақ бюджетті жүзеге асыру үшін федералды жерлердің билік органдарымен келісуі қажет. Германияның саяси жүйесінде федералды және жер билігі арасындағы стратегиялық жоспарлау жобаларын үйлестіруге көп көңіл бөлінеді. Германияның негізгі стратегиялық жоспарлау құжаттарында келесі функциялар бар:

1. Тұрақты даму стратегиясы:
  - даму бағыттарын президенттік циклге бекітеді;
  - экономикалық тиімді, әлеуметтік теңдестірілген және экологиялық дамуға бағытталған.
2. Өңірлік даму жоспары мыналарды қамтиды:
  - негіздемелік шарттар мен принциптер;
  - салалық жоспарларды бағалау;
  - инвестициялық даму жоспары және әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасы
3. Салалық даму жоспарлары:
  - өңірлік дамудың бекітілген және қоғамдық талқылаудан өткен жоспарлары негізінде қабылданады.

Федералды және аймақтық деңгейлер арасындағы үйлестіру жүйесін құрудағы неміс тәжірибесін зерттеу стратегиялық даму шешімдерін қабылдау кезіндегі ұлттық әл-ауқаттың тұрақты өсуіне және азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға ықпал ететінін көрсетеді.

Қорытындылай келе, қазіргі таңда елімізде қалыптастқан стратегиялық жоспарлау деңгейлері дамыған мемлекеттерде қалыптасқан стратегиялық жоспарлаумен ұқсас келгенімен, әр ел өзіндік мемлекеттік басқару формасына сай ерекшелікке ие. Оны жоғарыда келтірілген батыс мемлекеттерінің

мысалында байқауға болады. АҚШ пен Францияның өз кезегінде ұлттық басымдықтарды негізге ала отырып жоспарлайтынын жоспарлау деңгейлеріне сай қалыптасқан мақсаттарға қол жеткізу көрсеткіштерін талдай отырып, негізгі қарама-қайшылықтарды шешу арқылы ұтымды болып келеді. Ұлыбритания өз кезегінде стратегиялық жоспарлаумен қатар, стратегиялық аудитке басым көңіл аударады. Ондағы ерекшелік – тиімділікті бағалай отырып, тәуелсіз аудиторлық талдау мен бақылау-қадағалау қызметінің ақпараттарының ашық ұсынылуы. Ал Германия өзіндік федералды басқару деңгейлеріне сай аумақтық үйлестіру жүйесін құрудағы маңыздылықты айқындайды. Бұл өз кезегінде стратегиялық жоспарлауда біртұтастылыққа бағдарлайды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Одегов Ю.Г., Журавлев П.В. Управление персоналом. М.: Финстатинформ, 1997. 878 с.
2. Емельянова И.Н. Место стратегического аудита в системе стратегического планирования // Актуальные проблемы бухгалтерского учета, анализа, аудита, налогообложения и статистики. Всерос. науч.-практ. конф. Ростов н/Д: РИНХ, 2009. С. 191–194.
3. Алексеева, И.В. Стратегический аудит как перспективное направления направление развитие аудита / И.В. Алексеева // Учет и статистика. – 2008. – № 2 (12). – 0,8 п. л.
4. Ресей Федерациясының Есеп палатасы алқасының қаулысымен бекітілген 2020 жылғы 10 қарашадағы №17 ӨК «Сыртқы мемлекеттік аудит (бақылау) стандарты. СГА 105 "Стратегиялық аудит"
5. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысы – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000790>
6. Организация государственного стратегического управления: международный опыт//Москва, 2019г. – С.6-9. - <https://www.google.com/url?sa=t&source=web&rct=j&url=https://ipag.hse.ru/mirror/pubs/share/312599246&ved=2ahUKEwiIKDv8cn2AhWNQfEDHQBByDEkQFnoEC AUQAQ&usg=AOvVaw2SxZOGriOrWCbhR4DELcjG>
7. АҚШ Конгресі жанындағы зерттеу бөлімшесі CRS (Congressional Research Service) – <https://crsreports.congress.gov/>
8. Францияның Ұлттық Ассамблеясы - [https://www.assemblee-nationale.fr/budget/lois\\_de\\_finances/loi\\_organique.asp](https://www.assemblee-nationale.fr/budget/lois_de_finances/loi_organique.asp)
9. Ұлыбританияның «Ұлттық жоспарлаудың негіздемелік саясаты» National Planning Policy Framework. - [www.gov.uk/government/publications/national-planning-policy-framework](http://www.gov.uk/government/publications/national-planning-policy-framework);
10. Германияның статс-секретарьлар комитеті - <https://www.bmi.bund.de/DE/ministerium/parlamentarische-staatssekretaere/parlamentarische-staatssekretaere-node.html>